Автор: Ізбасар Жасұлан Елубайұлы
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі
Тақырып: жануарлар дүниесі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Т/А1 Болжау Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау. ӘТН 4.2; Грамматикалық норма Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану.
Сабақтың мақсаты:	Т/А1 Болжау Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау. ӘТН 4.2; Грамматикалық норма Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану.
Тілдік мақсаттар:	Тақырыпқа байланысты тірек сөздер: үй жануарлары, түз тағысы, жыртқыш, төл атаулары - абылай, алан, бөлтірік, марғау, көгілдір, баршын, құралай, еңлік, т.б. Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: менің ойымша..., мен бұл пікірмен келісемін / келіспеймін
Күтілетін нәтиже:	Тақырыпқа байланысты тірек сөздер: үй жануарлары, түз тағысы, жыртқыш, төл атаулары - абылай, алан, бөлтірік, марғау, көгілдір, баршын, құралай, еңлік, т.б. Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: менің ойымша..., мен бұл пікірмен келісемін / келіспеймін
Бағалау критерийлері:	Тыңдалым, айтылым мақсаты бойынша: тақырыпты болжау барысында өз ойын дәлелдейді; тірек сөздерді түрлендіреді. Әдеби тілдік норма бойынша: сөйлемдер құруда зат есімдерді түрлендіре қолданады; әр жалғау қызметін ажыратады және дұрыс қолданады.
Құндылықтарды дарыту:	қоршаған ортаны қорғау, қамқорлық көрсету
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интерактивтік тақтадан таныстырылым, бейнематериал, кесте
Пәнаралық байланыс:	табиғаттану, дүниетану, экология
Бастапқы білім:	Жануарлардың өмір сүру ортасы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (3 минут)	Қызығушылықты ояту 1. Сәлемдесу, сабаққа дайындық. 2. Бейнематериал тамашалау. (2 мин 30 сек) 3. - Ал сіздер қаншалықты жануарларды жақсы білесіздер? (5-6 жұмбақ шешу) 4. Сабақтың тақырыбын болжау. 5. Сабақтың мақсаттары мен бағалау критетийлерімен танысу.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (34минут)	Мағынаны тану Тыңдалымалды тапсырмасы: Берілген жануарлардың, аңдардың, құстардың төлдерінің суреттері, тірек сөздер бойынша тыңдалым тақырыбына болжам жасату. Топтасу. Ортаға үш оқушы шығады. Тілімше қағаз суыру арқылы топ аты анықталады.(Мысалы: «Қонжық», «Бота», «Мөлдір»). Олар кезекпен бір-бірден өзтобына «төл» жинайды. Топтық жұмыс. Оқушыларға топтық жұмыстапсырмалары таратылады. Қалыптастырушы бағалау жұмысы Тапсырма. Суреттерде берілген жануарлар мен аңдар, құстар туралызерттеу кестесін толтырыңыздар. Берілген тірек сөздердіпайдаланыңыздар: үй жануарлары, түз тағысы, жыртқыш, төл атаулары -абылай, алан, бөлтірік, марғау, көгілдір, баршын, құралай, еңлік. Бағалаукритерийі: Сөйлемдер құруда зат есімдерді түрлендіре қолданады. Зерттеу кестесі 1-топ Жануарлар мен құстар Қай жерді мекен етеді?Қалай қоректенеді Төлдері қалай аталады? Аю мысық 2-топ Жануарлар мен құстар Қай жерді мекен етеді? Қалай қоректенеді Төлдері қалай аталады? Аққу жолбарыс 3-топ Жануарлар мен құстар Қай жерді мекен етеді? Қалай қоректенеді Төлдері қалай аталады? қасқыр қыран «2 жұлдыз, 1 тілек» стратегиясы арқылы топ арасында бағалау. Тыңдалым тапсырмасы «Жануарлар мен аңдардың төл атаулары» видеомәтінін тыңдай отырып, зерттеу кестесіне өзгеріс енгізіңіздер. Жұмыс барысында екі түсті қалам қолданыңыздар. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма Құстардың біріне төлқұжат дайындаңыздар. Таңдаған аң мен жануарға немесе құсқа ат қойып, шағын сипаттама беріңіздер. Үлгі: Аты: Қасқыр Бала кездегі аты: Бөлтірік. Әкесі: Арлан. Анасы: Құртқа Сипаттамасы: Қасқырдың баласын бөлтірік деп атайды. Бөлтірікті анасы мен атасы кішкене кезінен өз тамағын тауып жеуге баулиды. Түрі көкшулан, көзі сұр түсті болады. Грамматикалық тапсырмаға келесі жұмыс ұсынылады: 1. Тыңдалымнан кейінгі тапсырмаға сүйеніп, зат есімнің мағыналық түрлері және олардың жалғаулар арқылы түрленуіне түсінік беріңіздер. /тірек кестелерді қолдану арқылы/ 2. Тыңдалған мәтіннен заттардың атауы болатын зат есім сөздерді табыңыздар. 3. Заттарды жаппай атаудан бөліп, жеке атаулармен атаңыздар. 4. Әр төлге бір есім беріп, осыдан жалқы есім туралы ереже қорытып шығарыңыздар. Жазылым тапсырмасы (жеке жұмыс) Жануарлардың төлдеріне ат беріп, «Менің құралайым» немесе «Бөлтірік пен Аланның достығы» деген тақырыпта шағын мәтін құрастырып жазыңыз. Бағалау критерийлері 1. Тәуелдік, септік жалғауларын дұрыс қолданады; 2. Жалпы және жалқы есімдерді ажыратады; 3. Сөйлемдер құруда зат есімдерді түрлендіреді. Оқушылар жұптық жұмыс арқылы бірін-бірі тыңдап, сөйлемдер құруда зат есімдерді түрлендіре қолдануын бағалайды.	
Сабақтың соңы (2 минут)	Рефлекторлық экран Менде бәрі сәтті шықты ... Мен үйрендім ... Сабақта мен орындай алдым ... Бәрінен маған ұнағаны ... Бәрінен маған қиын болғаны ...	
Рефлексия (2 минут)	Рефлекторлық экран Менде бәрі сәтті шықты ... Мен үйрендім ... Сабақта мен орындай алдым ... Бәрінен маған ұнағаны ... Бәрінен маған қиын болғаны ...	